

Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 162-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

2010 жылғы 21 қыркүйекте Мәскеуде жасалған Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

**Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері экономикалық интеграция процестерін қамтамасыз ету, сыртқы және өзара сауданы дамыту үшін ақпараттық технологияларды дамыту мен қолдану ісіндегі өзара м ү д д е л е р д і е с к е р е о т ы р ы п ,

Кеден одағының электрондық құжат айналымының бірыңғай қағидаларын қабылдау сыртқы және өзара сауданың тиімділігін арттырады деген сенімді негізге ала о т ы р ы п ,

Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттарды пайдалану жолындағы құқықтық кедергілерді жою жөніндегі міндеттерді шешудің жалпы тәсілін әзірлеуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану мәселелерінде ынтымақтасады.

Тараптар Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара сауданы жүзеге асыруды оңайлату мақсатында ынтымақтасады.

2-бап

Осы Келісім Кеден одағының бірыңғай кеден аумағындағы сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу үшін ақпараттық технологияларды қолдану кезінде Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдарының, жеке немесе заңды тұлғалардың (бұдан әрі – электрондық өзара іс-қимыл жасау субъектілері) электрондық құжаттарды жасауы, жөнелтуі, беруі, алуы, сақтауы және пайдалануы процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

3-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен олардың анықтамалары п а й д а л а н ы л а д ы :

«сыртқы және өзара сауда туралы электрондық құжат» – электрондық түрдегі ақпараттың электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған және Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара сауданы жүзеге асыру кезіндегі құжаттау қағидалары мен талаптарына сай келетін нысандандырылған жазбасы (электрондық қ ұ ж а т) ;

«есепке алу жүйесі» – электрондық өзара іс-қимыл жасау субъектілерінің құқық белгілейтін құжаттарынан алынған ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйе, заңдық маңызы бар электрондық құжаттар соның негізінде жасалады немесе беріледі;

«ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы» – Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара сауданы жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттарға заңды күш беру мақсатында іске асырылатын ақпараттық-технологиялық және ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралардың, қағидалар мен шешімдердің жиынтығы;

«сенім білдірілген үшінші тарап» – Әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес электрондық құжаттың жасаушысына және (немесе) адресатына қатысты тіркелген уақыт кезінде электрондық құжаттардағы электрондық цифрлық қолтаңбаны тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы берілген ұйым.

4-бап

Осы Келісімнің реттеу нысанасына жататын және онда көрсетілмеген мәселелер әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

5-бап

Егер әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес құжатты жазбаша ресімдеу талап етілсе, онда Кеден одағының комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) айқындайтын құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген электрондық құжат осы талапқа сәйкес келеді деп есептеледі.

Егер әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатты мөрмен растау талап етілсе, онда Комиссия айқындайтын құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген электрондық құжат мұндай растауды талап етпейді.

6-бап

Комиссия айқындайтын құжаттау қағидалары мен талаптары бойынша ресімделген электрондық құжат заңды күші жағынан электрондық құжатты жасаушының қойылған қолымен не қойылған қолмен және мөрмен расталған қағаз жеткізгіштегі ұқсас құжатпен тең деп танылады.

Құжатты тек электрондық құжат нысанында жасалған деген негізбен заңды күшінен айыруға болмайды.

Тараптар мемлекеттерінің электрондық құжатты құқыққа сыйымдылықтың дәлелі ретінде пайдалануына оның электрондық нысанда болуы себепті тыйым салуға болмайды.

7-бап

Есепке алу жүйелерін электрондық түрде жүргізу тәртібі, сондай-ақ оларды пайдалану ерекшеліктері ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы негізінде осы жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бөлігінде осы Келісімнің ережелерін ескере отырып, әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасымен айқындалады.

8-бап

Электрондық түрдегі ақпаратты құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы:
мемлекеттік құрауыштардан;
интеграциялық құрауыштан тұрады.

Сенім білдірілген үшінші тараптардың өзара іс-қимыл жасауы негізіндегі трансшекаралық электрондық құжат айналымының жүйесі ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының интеграциялық құрауышы болып табылады.

Комиссия ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының

интеграциялық құрауышының операторы болып табылады.

Әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының мемлекеттік құрауыштарының операторлары болып табылады.

Іс-шараларды, қағидалар мен шешімдерді жүзеге асыру функциялары Тарап пен Комиссия арасында жасалатын келісімнің негізінде Комиссияға берілуі мүмкін. Мұндай келісім шеңберінде қаржыландыру және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері, сондай-ақ басқа да ұйымдастырушылық-техникалық және рәсімдік мәселелер реттелуге т и і с .

Ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымын құруды, пайдалануды және жаңғыртуды қаржыландыру көлемі мен көздері 2010 жылғы «21» қыркүйектегі Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, оның жұмыс істеуі мен оны дамыту туралы келісімге сәйкес Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құруды, оның жұмыс істеуі мен оны дамытуды қаржыландырудың жалпы көлемі мен көздері шеңберінде айқындалады.

9-бап

Комиссия жанынан өз қызметін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың үкіметтер басшыларының деңгейіндегі Мемлекетаралық Кеңесі (Кеден одағының жоғарғы органы) бекітетін Үйлестіру кеңесі туралы ережеге және Комиссия бекітетін Үйлестіру кеңесінің регламентіне сәйкес ұйымдастыратын Үйлестіру кеңесі құрылады.

Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері:

есепке алу жүйелерінің және ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шешімдер әзірлеу;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық стандарттары, халықаралық стандарттар мен ұсынымдар негізінде ақпаратты электрондық түрден құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы құрауыштарының құрамын ә з і р л е у ;

ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымы шеңберінде үлгілік ақпараттық-технологиялық шешімдер мен бағдарламалық-аппараттық кешендерді әзірлеу мен сынауды үйлестіру;

ақпаратты электрондық түрде құжаттау қағидаларын, бірыңғай қауіпсіздік саясатын және ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының жекелеген құрауыштары мен қызметтері жұмысының регламенттерін, сондай-ақ электрондық өзара іс-қимыл жасау субъектілері үшін оларды қолдану жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді үйлестіру;

Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада

электрондық құжаттарды пайдалану кезінде әрбір Тарап мемлекеттерінің заңнамаларын үйлестіру үшін, сондай-ақ есепке алу жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интерфейстерін біріздендіру үшін ұсынымдар дайындау болып т а б ы л а д ы .

Тараптар мемлекеттерінің және Комиссия Хатшылығының уәкілетті өкілдері Үйлестіру кеңесінің мүшелері болып табылады. Үйлестіру кеңесі шеңберінде жұмыс істеу үшін Тараптар мемлекеттерінің мамандары мен сарапшылары тартылуы мүмкін.

Үйлестіру кеңесі мүшелерінің, сондай-ақ Үйлестіру кеңесінің жұмысына қатысу үшін тартылатын Тараптар мемлекеттерінің мамандары мен сарапшыларының іссапар шығыстарын қаржылық қамтамасыз етуді Тараптар мемлекеттерінің жіберуші мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңесінің отырыстары Комиссия Хатшылығында өткізіледі.

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін қажетті ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды Комиссия қамтамасыз етеді.

10-бап

Сенім білдірілген үшінші тарап қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимыл субъектілеріне қатысты жұмысы осы Келісімнің талаптарына және сенім білдірілген үшінші тарап юрисдикциясында болатын Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады .

Сенім білдірілген үшінші тарап: электрондық құжаттарды заңдастыруды (түпнұсқалылығын растауды) жүзеге асырады ;

электрондық құжаттармен халықаралық (трансшекаралық) алмасуда сенім кепілдігін қамтамасыз етеді ;

сенім білдірілген үшінші тарап орналасқан мемлекет заңнамасының қағидалары мен талаптарына сәйкес электрондық шығыс және (немесе) кіріс құжаттары мен хабарламаларда электрондық цифрлық қолтаңбаларды қолданудың құқыққа сыйымды болуын қамтамасыз етеді .

Сенім білдірілген үшінші тараптар электрондық құжаттарды қорғаудың әртүрлі тетіктерін пайдаланатын Тараптар мемлекеттерінің электрондық өзара іс-қимыл жасау субъектілері арасындағы трансшекаралық электрондық құжат айналымын ұйымдастыру кезінде сенім орнату үшін өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

Тараптар ақпараттық өзара іс-қимыл жасау субъектілерінің сенім білдірілген үшінші тараптар қызметтерін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді, олардың функцияларын Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдары немесе олар аккредиттеген ұйымдар орындайды.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар, бірінші кезекте, консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Егер дау тараптарының бірі даудың екінші тарапына консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш жіберген күнінен бастап 6 ай ішінде дау тараптары дауды олар арқылы реттемесе, онда дау тараптарының арасында оны шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаластық болмаған кезде, даудың кез келген тарабы бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін бере алады.

Комиссия дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін берілгенге дейін Тараптарға дауды реттеуде жәрдем көрсетеді.

12-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

13-бап

Осы Келісім ратификациялануға жатады және қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады.

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы "21" қыркүйекте Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Комиссияда сақталады.

Беларусь

Қазақстан

Ресей

Республикасының

Республикасының

Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Осы хатпен, 2010 жылдың 21 қыркүйегінде Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісімнің толық және сәйкестендірілген көшірмесі болып табылатын осы мәтінді тұлғалармен растаймын:

Беларусь Республикасы Үкіметі үшін - Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - А.В.Кобяков,
Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Ө.Е.Шөкеев,
Ресей Федерациясы Үкіметі үшін - Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының
Бірінші орынбасары - И.И.Шувалов.

Түпнұсқа данасы кеден одағының Комиссиясында сақталуда.

*Кеден одағы Комиссиясы хатшылығының
Құқықтық департамент директоры Н.Б.Слюсарь*

Осымен 2010 жылдың 21 қыркүйегінде Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттар алмасу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы келісімнің аудармасы орыс тіліндегі мәтінге сәйкес келетінін куәландырамын.

*Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының басшысы С. Досаров*

2010 жылғы 21 қыркүйекте Мәскеу қаласында қол қойылған Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағындағы сыртқы және өзара саудада электрондық құжаттармен алмасу барысында ақпараттық технологиялар қолдану туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Б. Пискорский*